



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»**

студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»**

**PROCEEDINGS**

of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»**



14<sup>th</sup> April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»  
студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS  
of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2017»**

**2017 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2017

9. Ұлт жоспары – «100 нақты қадам» // <http://www.akorda.kz/kz/speeches/int>
10. «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесі» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 12 желтоқсан 2015 жылы №648 бұйрығы // <http://www.goszakup.gov.kz/>
11. «Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастыру және жүргізу ережесі» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 11 желтоқсан 2015 жылғы №694 бұйрығы // <http://www.goszakup.gov.kz/>
12. Мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша заңнаманы жетілдіру туралы // <http://grossbuhp.kz/article/show/742>

УДК 341.5

## **ТАУАР БИРЖАСЫ ИНСТИТУТЫНЫҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ ЖЕТІЛДІРІЛУІНІҢ МАҢЫЗЫ**

**Китибаева Алтынай Дынқуатқызы**

kitibaeva.altyna@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан ҚҚ-41 тобы студенті

Научный руководитель-И.С. Сактаганова

Өз тәуелсіздігін алғаннан бері Қазақстан да ТМД-ның өзге мемлекеттеріндей нарықтық экономика жолына түсті. Қазақстан Республикасының шаруашылықтың нарықтық нысандарына ауысуы мемлекеттің экономикалық жүйесіндегі трансформация шегінде жоспарлы экономикаға сай емес, жаңа институттардың өмірге келуіне шарт болды. Бұл шаруашылықтың дәстүрлі нысандарының өзгеріп, жаңа нысандарының пайда болуына әкеліп соқты, Қазақстанда биржа саудасының және осы сауданың негізгі құралдарының тауар биржасы, қор, валюталық биржалардың пайда болуына объективті түрде әсер етті. Сонымен қатар, нарықтық шаруашылыққа ауысу құқықтық салада едәуір өзгерістер енгізді.

Биржа — бұл тауар, валюта, бағалы қағаздар, өндірістік қаржылық құралдардың ұйымдастырылған нарығының қалыпты қызмет етуін қамтамасыз ететін заңды тұлға. Бүгінгі таңда Қазақстан мемлекеті аймағында биржалардың көмегімен биржалық сауданы ұйымдастыру экономикалық сферадағы жария саясаттың бірден бір бағыты болып табылады. Сонымен қатар, биржаның құқықтық мәртебесін тиімді түрде жеке құқықтық және жария-құқықтық рәсімдеуіңіз Қазақстанның нарықтық қатынастары әрі қарай дұрыс дами алмайды, өз кезегінде Қазақстан ұлттық нарығының әлемдік нарыққа интеграциялану процесі ұзақ жылдарға созылу мүмкін [4, 11-12 б.].

Сондықтан бұл мағынада биржалардың құқықтық мәртебесін, қызметін және функцияларының құқықтық қамсыздандырылуын рәсімдейтін нормативті құқықтық базаны күшейту басты өзекті мәселе болып табылады. Өз кезегінде мұндай құқықтық нормалау негізінде қазіргі таңдағы экономикалық шындыққа сай биржаның тұрақты азаматтық-құқықтық жағдайын бекіту мәселесі жатыр. Жоғарыда айтылғандарға сәйкес, ұсынылып отырған жұмыста – «Тауар биржасының құқықтық негіздері» тақырыбындағы өзекті мәселе қарастырылып жатыр.

Жұмыстың мақсаты – жаңа замандағы коммерциялық құқық көзқарасы тұрғысынан тауар биржасының құқықтық мәртебесінің жалпы сипаттамасын зерттеу және жетілдіру бағыттарын айқындау. Осы мақсатқа сәйкес жұмыста келесідей мәселелер қарастырылып, шешілу жолдары берілген:

- тауар биржасы түсінігін заманауи тұрғыда зерттеу;
- тауар биржасымен жүзеге асырылатын функциялары мен қызметін зерттеу;
- тауар биржасының жаңа заманның экономикалық өміріндегі мәнін айқындау;
- жүргізілген жұмыс бойынша қорытынды мен ұсыныстар енгізу.

Берілген жұмыстың зерттелу объектісі тауар, валюта, бағалы қағаздар, өндірістік қаржылық құралдардың ұйымдастырылған нарығының қалыпты қызмет етуін қамтамасыз ететін заңды тұлға түріндегі биржа болып табылады.

Жұмыстың зерттелу пәні тауар биржасының құқықтық негіздері болып табылады.

Таңдалған тақырыпты зерттеу келесідей әдістер арқылы жүзеге асырылды: жұмыстың зерттеу объектісін және пәнін толығымен және жан-жақты тану әдісі, алынған білімдер мен материалдарға анализ жүргізу әдісі, салыстырмалы-құқықтық әдіс, жүйелік әдіс, құрылымдық-функционалдық әдіс, сондай-ақ зерттелген тақырып бойынша алынған материалдарды жалпылау әдісі.

Биржа түсінігі мен мәні. Биржалық қызметтің тарихы ерте заманнан бастауын алады – биржаға ұқсас мекемелер Вавилонда, Ежелгі Египетте, Финикияда қызмет ете бастаған. Алайда, қоғамдық қатынастар дамуының жаңа деңгейіне сай келетін алғашқы халықаралық биржа 1831 жылы Антверпенде пайда болған. Кейін әлемдік сауда орталығының рөлі Амстердамдық биржаға ауысады. XVIII ғасырдың соңында Ұлыбритания, АҚШ және Германияда қор биржалары пайда бола бастады. Арнайы әдебиетте «биржа» терминінің пайда болуының бірнеше нұсқасы бар. Көп таралған мәлімет бойынша көптеген еуропалық сауда жолдарының қиылысында орналасқан бельгиялық Брюгге қаласында көпестер жиналатын ерекше алаң болған. Алаңның атауы онда орналасқан үлкен үйдің иесі Ван Бурсе мырзаның маклерлік конторасының атымен «де бурсе»(de burse) деп аталған. Жергілікті атаумен “the burse” деп аталатын үш былғары әмиян бейнеленген фирма таңбасы ғимараттың төбесінде ілініп тұрған. Контора иесі өз үйін көпестердің жиналуына ұсынған, және мүмкін сол осы сауда нысанына атау берген [7, 21 б.]. Биржа — бұл тауар, валюта, бағалы қағаздар, өндірістік қаржылық құралдардың ұйымдастырылған нарығының қалыпты қызмет етуін қамтамасыз ететін заңды тұлға. Брокгауз және Эфронның энциклопедиясында келтірілген түсінік бойынша, биржа - бұл белгілі уақытта сауда адамдары мен делдалдар, биржалық маклерлер бағалы қағаздар мен тауарлар туралы келісімшарттарға тұру үшін жиналатын жер немесе ғимарат. Компьютеризацияландырылу дәуіріне дейін бұл іс-әрекет осылай жүзеге асырылған, және тараптар келісімге ауызша тұрған. Бірақ қазіргі таңда сауда көбінесе электронды түрде жүргізіледі. Биржада арнайы жаһандық байланыс арқылы аккредиттелінген брокерлік компаниялар қосылған сауда сервері бар. Брокерлер өздерінің немесе клиенттерінің мүддесі үшін сауда жүйесіне бағалы қағазды, валютаны, тауарды сатуға немесе сатып алуға сұраныс қалдырады. Осылайша, биржа сатушы мен сатып алушыға кездесу мүмкіндігін ұсынады, тек оңтайландырылған тәсіл бойынша: өздерінің ғимаратында емес, бір серверде кездестіреді, сөйтіп сатып алу-сату шарттары жүзеге асырылады. Кейінгі уақытта «биржа» сөзі бүкіл континенталдық Еуропада тарап кеткен. Тек Англия, ал одан кейін басқа да ағылшын тілді мемлекеттер пайда болған бұл сауда институтын «Stock Exchange» деп атаған [4, 15-19 б.].

«Биржа» түсінігін түрлі аспектіден қарастыруға болады: ұйымдастырушылық, экономикалық және құқықтық. Экономикалық көзқарас жағынан биржа – бұл үлгілер мен стандарттар немесе болашақта оларды жеткізу келісімшарттары бойынша тауарлармен, сонымен қатар сұраныс пен ұсыныс негізінде бекітілген бағалар бойынша бағалы қағаздар, валюта және сирек жер металдармен көтерме сауда жүргізілетін рынок. Биржа нарықтық экономиканың құралы ретінде белгілі жерде ұйымдастырылған, бекітілген ережелер бойынша тұрақты әрекет ететін көтерме рынок болып табылады.

Қазақстанда биржалық институттардың пайда болуы нарықтық қатынастардың ілгері дамуының бірден бір шарты болатын. Осылайша, қазіргі заманғы қазақстандық биржалар классикалық биржалық институттардан өз бастауын алады. Алайда, қазақстандық ірі биржалардың өзіндік ерекшелігі бар, бұл олардың әмбебаптылығында. Яғни, бір биржаның аумағында тауар операциялары да, қор операциялары да жүзеге асырылады. Биржалардың саны, сауданың аукциондық қағидасы, биржалық бартер, тауар мен қызметтердің бірліктік немесе аз ауқымды партияларының сатылымы - тек Қазақстанның биржалық жүйесіне тән

негізгі сипаттамалар. Олар бүгінгі таңда мемлекеттің өзіндік экономикалық жағдайымен байланысты орнаған [6, 48 б.].

Қазіргі уақытта биржалардың ұйымдастырылу тәртібін, олардың функцияларының қызметін, капиталды пайдалануды анықтайтын сәйкес заңнамалық база толықтай құрастырылған деп айтуға болады. Қазақстан Республикасының «Тауар биржалары туралы», «Бағалы қағаздар нарығы туралы», «Валюталық реттеу және валюталық бақылау» туралы мемлекеттік заңдарының көмегімен елімізде тауар, валюталық және қор биржаларының қызметін мемлекеттік реттеу тәртібі айқындалды, мемлекеттік бақылаудың арнайы органдары пайда болды [9].

Тауар биржасының құқықтық реттелуі. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының 1991 жылғы 13 маусымдағы заңымен алғаш рет биржа саудасының ұйымдық және құқықтық негіздері мен нарықтық инфрақұрылымының маңызды буыны - тауар биржаларын ұйымдастыру айқындалды. Осы заңмен биржа алдын ала белгіленген биржалық ережелер бойынша белгілі бір жерде ашық сауда-саттық түрінде өз қызметін жүзеге асыратын ұйым ретінде белгіленген. Кейінірек «Тауар биржалары туралы» Қазақстан президентінің 1994 жылғы 20 наурыздағы жарлығымен тауар биржасы белгілі бір жерде және белгілі бір уақытта ол белгілеген биржа саудасының ережесі бойынша ашық жария сауда -саттықтарды тұрақты өткізу жолымен биржа тауарларымен көтерме сауда бойынша ұйымдастырушылық және реттеу қызметін жүзеге асыратын меншіктің кез келген нысандарына негізделген заңды тұлға құқығымен дербес ұйым болып табылатыны белгіленген. Аталған заңға қарағанда осы жарлықпен тауар биржаларының қызметін мемлекеттік реттеу мен бақылауды тауар биржалары жөніндегі мемлекеттік орган жүзеге асыратыны белгіленген. Оның функцияларына биржалық лицензияларды беру, мемлекеттік тізілімді жүргізу, биржалар туралы заңнаманың сақталуын бақылау, биржалар қызметін зерделеу және биржа саудасын дамыту, биржалық құжаттарды дайындау жөнінде әдістемелік ұсынымдар әзірлеу міндеттері жатады. 1995 жылы 7 сәуірде «Тауарлық биржалар туралы» Қазақстан президентінің заң күші бар жарлығы қабылданды. Ол тауар биржасының бұрынғы анықтамасын сақтады. Тауар биржаларының қызметін реттеуді тауар биржалары жөніндегі мемлекеттік органға бұрын бекітілген функциялар берілген тауар биржалары жөніндегі республикалық комиссия жүзеге асыратыны қайтадан айқындалды. Алайда, бұл заң ХХІ ғасыр жаңа дәуірінің қарқынына жете алмай, мемлекетіміздің экономикасын әлемдік нарықтағы деңгейге жеткізе алмады. Сондай-ақ, мемлекеттің өз ішінде экономикалық тұрақтылықты орната алмады. Оған себеп бұл заңда әлі де толық және жан-жақты қарастырылмаған қырлары бар және орнын толтыруды қажетсінетін олқылықтар кездеседі [8]. Соған орай, Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастауымен бұл заң 2009 жылы 4 мамырда қабылданған «Тауар биржалары туралы» жаңа Заңымен өз күшін жойды. Жаңа редакцияда заң жобасын қабылдаудың негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының қазіргі талаптарына және қолданыстағы заңнамасына сәйкес тауар биржаларының қызметін реттейтін заңнаманы сәйкестендіру болып табылады. Бұл заң бүгінгі күнге тауар биржалары қызметі және биржалық сауданы жүзеге асыру процесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін негізгі нормативтік-құқықтық актілердің бірі болып табылады. Сондай-ақ, ол тауар биржаларының ашық және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету, биржалық саудаға қатысушылардың құқықтарын және олардың арасындағы адал бәсекелестікті қорғау мақсатында тауар биржаларының қызметін реттеу және мемлекеттік бақылау тәртібін белгілейтін міндеттерді атқарады [1].

Қазақстан Республикасының «Тауар биржасы туралы» заңының 6-бабына сәйкес, «тауар биржасы – дегеніміз сауда-саттықтарды ұйымдық және техникалық қамтамасыз етуді тауар биржасының сауда жүйесін пайдалана отырып тікелей жүргізу жолымен жүзеге асыратын заңды тұлға». Тауар биржасы акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылады және өз қызметін уәкілетті органның беретін лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Мамандануы бойынша тауар биржалары биржалық сауда-саттыққа әртүрлі

тауарларды қабылдайтын әмбебап және тауардың белгілі бір түрінің айналымына қызмет көрсететін мамандандырылған болуы мүмкін [2].

Қазақстанда тауар биржасының даму дағдысы. Бүгінгі таңда Қазақстанда 16 тауар биржасы тіркелген, оның ешқайсысы тиімді түрде жұмыс істемейді. Қызмет ететін тауар биржалары іс жүзінде елдегі экономикалық үрдістерге қатысудан шеттетілген. Саудаға шығарылатын өнімдер көлемін төмендету нәтижесінде (10 жыл ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі бастапқыдағы биржа тауарлары тізімін 60 % қысқартты) қазіргі уақытта қолданыстағы биржа алаңдары нарық қатысушыларының жеткілікті түрде шоғырлануын құра алмауда [8].

Қазақстан Республикасының статистика агенттігінің мәліметтері бойынша 2007 жылы жасалынған мәмілелер бойынша тауар биржаларының айналымы 12 029 825 мың теңгені құрады, бұл алдыңғы жыл көрсеткішімен салыстырғанда 58 % төмен (28 430 093 мың теңге). Сонымен қатар, жасалынған мәмілелер құрылымында биржа тауарларының үлесі мемлекет аймағына байланысты өзгеріп отырады. Түрлі негізгі активтер саудасының тиімділігін арттыру бағытындағы қосымша қадамдардың бірі Қазақстанда қор биржасымен қатар (қаржы құралдарының әмбебап биржасы ретінде болатын) тауар биржасын құру [10].

Евразиялық барлық мемлекеттерде болып жатқан нарық жүйесіне және жахандануға бейімделу мемлекеттер арасында тығыз ынтымақтастықты орнатуын қажеттілігі туындайды. АӨҚО елдер арасында интеграциялық ынтымақтастықта маңызды рөл атқару қажет, сонымен қатар тауар айналымының көбеюіне және шетел және қазақстандық тауар өндірушілерді қазақстандық тауар нарығына шығуына әкеледі. Осымен байланысты, сауда аумағы деңгейінде мемлекеттер арасында интеграциялау маңызды болып табылады және де Алматы қаласында халықаралық деңгейде тауар биржасын құру.

АӨҚО негізінде Еуразиялық аумағына бағытталған біріктірілген сауда жүйесімен жаңа тауар биржасы құрылады.

Тауар биржасында қаржы құралдарына деривативтермен сауданы жасау болжанылады. Тиімді тауарлық биржаның жұмыс істеуі Қазақстанды халықаралық тауарлық нарықтармен интеграциялауға, сонымен қатар евразиялық аумағында интеграциялық процестердің жалпы дамуына септігін тигізеді.

Осыны ескере отырып, Қазақстанда тиімді тауар биржасын құру бойынша келесі шаралар кешенін жүзеге асыру ұсынылуда:

тауарлық биржаны ұйымдастыру және жұмыс істеуіне қазіргі заманға сай талаптарды ескере отырып, тауарлық биржа бойынша Қазақстан Республикасы заңнамаларды жетілдіру; өзіндік капитал көлеміне қатысты тауар биржаларының талаптарын арттыру, жаңа бағдарлама-техникалық қамсыздандыру, келісілген келісімдерді орындауға кепілдік беру (қойма және элеватор жүйесі, клирингтік орталық) және биржалық инфрақұрылымдардың басқа да элементтердің бар болуы;

тиімді тауар биржасын құру және стратегиялық инвесторды тарту бойынша шараларды қабылдау;

тауар биржасында кәсіби қатысушылар-тауарлық брокерлердің (дилерлердің) жұмысы үшін жағдайлар жасау;

қор биржасының қызметін кеңейту мақсатында тауар активтеріне фьючерстермен сауданы ұйымдастыру, сонымен қатар аффинирленген алтынға жедел келісім жасау ұсынылады [3].

Әлем экономикасындағы биржалық сауданың маңызы мен рөлін келесі дәлелді фактімен түсіндіруге болады: әлемде биржалық тауардың 100 аса атаулары сатылады, оған халықаралық сауданың 20% үлесі тиеді, және шикізат пен шикізаттық материалдардан тұратын тауар биржасына жататын тауарлардың үштен екісі тиеді. Осыған қарап, биржалық сауданың бағаны белгілеудегі рөлінің қандай маңызды екенін көреміз. Толық қамтылған, дамыған қазіргі заманғы нарықтық экономика оның бөлінбейтін құрылымдық бөлігінсіз – тауар және қор биржалары салалары - мағынасыз [9].

Қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес тауарлардың, соның ішінде биржалық тауарлардың (алтын, бидай, жанармай) екінші нарықтағы айналымға түсуіне қосылған құн салығы (ҚҚС) салынады, бұл өз кезегінде отандық тауарлық биржаларында саудаға қатысу үшін жағымды жағдайлар жасауға қайшы келеді.

Қорытындылай келе, еліміздегі биржа қозғалысының келесі позицияларын атап өтуге болады: бұл бәрінен бұрын, ірі мамандандырылған биржалардың экономикалық қуатының артуы; биржалық сауданың, биржалық келісімшарттардың және брокерлік құжаттарды рәсімдеу ережелерінің стандарттандырылуы мен түрлендірілуі; қор және валюталық биржалар санының артуы; форвардтық және фьючерстік келісімдердің артуы; бартерлік келісімдер мен сауда-саттықтың аукциондық қағидаларынан уақыт өте келе бас тарту; биржалық келісімдерді сақтандыру, биржалық құрылымдардың коммерциялық емес ұйымдарға өзгеруі; мемлекетте бірыңғай биржалық кеңістікті қалыптастыру; биржалық заңнаманы детализациялау. Осылайша, кәсіпкерлік саласындағы заңнаманың дамуына мардымды әсер ете отырып, биржалық институт нарықтық экономиканың көптеген негізгі салаларын қамтиды. Сондықтан оның қалыптасуы мен дамуы өткізіліп жатқан демократиялық өзгерістердің мазмұнында қарастырылу керек.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы
2. «Тауар биржалары туралы» Қазақстан Республикасының 4 мамыр 2009 жылғы Заңы
3. Нұрсұлтан Назарбаев: «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» // <http://egemen.kz/2016/01/06/15445>
4. Белых В.С. Биржевое право : учебный курс/ В.С. Белых, С.И. Виниченко – М.: Инфра-М, Норма. 2001. - 185 с.
5. Роде Э. Банки, биржи, валюты современного капитализма / Пер. с нем. М., 1986. С. 253.
6. Дегтярева О. И., Кандинская О. А. Биржевое дело: Учебник для вузов. М., 1997. С. 8.
7. Биржевая деятельность: Учебник / Под ред. А. Г. Грязновой , Р. В. Корнеевой, В. А. Галанова. С. 8.
8. Қазақстан Республикасының ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсы <http://economy.gov.kz/>
9. Ресей Федерациясында Қазақстан Республикасының Сауда өкілдігі <http://kaztrade.ru>
10. «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі <http://www.keg.kz>
11. АҚ «ЕТС Тауар биржасы» [http://www.ets.kz/УДК 349.22:796.071\(574\)](http://www.ets.kz/УДК 349.22:796.071(574))

УДК 345.6(1)

### **«МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ЗАҢНАМАСЫНЫ» ДАМУ БАҒЫТТАРЫ**

**Қожатаева Ализа Сейсенбекқызы**

[aliza-96@mail.ru](mailto:aliza-96@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ҚҚ-41 тобы студенті, Астана, Қазақстан  
Научный руководитель-И.С. Сактаганова

Қазақстан Республикасының 2003 жылы 25 сәуірде қабылданған «Міндетті әлеуметтік сақтандыру Заңына» сәйкес, міндетті әлеуметтік сақтандыру дегеніміз - еңбек ету қабілетінен айрылуына және (немесе) жұмысынан айрылуына, сондай-ақ асыраушысынан айрылуына байланысты, жүктілігіне және босануына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына және бір жасқа толғанға дейінгі бала күтіміне орай табысынан айрылуына байланысты табыстың бір бөлігін өтеу үшін мемлекет ұйымдастыратын, бақылайтын және кепілдік беретін шаралар жиынтығы болып табылады [1].